

**Тәуелсіздік  
жылдарындағы білім  
мен ғылымның  
дамуы**

**Жүзтаева Б.Н.**

# Тәуелсіздік жылдарындағы білім мен ғылымның дамуы

- ▶ Елімізде 1991 жылдан жаңа үлгідегі арнаулы орта оқу орындары:
- ▶ лицейлер,
- ▶ гимназиялар мен
- ▶ кәсіптік-техникалық мектептер ашылды.
- ▶ **1995 жылы қабылданған Конституцияда:**  
«Қазақстанда азаматтардың мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуына кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті» деп жазылған.

1997 жылы орта білім беру жүйесін ақпараттандыруға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданып, мектептер компьютерлермен жабдықталды.

- ▶ 1999 жылы маусымда «Білім туралы» Заң қабылданып, жалпы білім беретін мектептер үш сатылық білім беруге көшті.
- ▶ Олар:
- ▶ бастауыш білім (1–4-сыныптар),
- ▶ негізгі білім (5–9-сыныптар) және
- ▶ орта білім (10–11-сыныптар).

Дарынды балаларға арналған «Дарын» мемлекеттік бағдарламасы аясында республиканың облыс орталықтарында мектеп-интернаттар ашылды.

- ▶ 2004 жылдан бастап мектептерге Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) енгізілді.
- ▶ 2006 жылы мектептерге лингафондық мультимедиа, физика кабинеттерін жабдықтауға республикалық және жергілікті бюджеттен 6 миллиард теңге бөлінді.

Қазақ және шетел тілдерін тиімді оқыту мақсатында жаңа технологиялар мен компьютерлік бағдарламалар енгізілді.

- ▶ Мемлекет оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға ғалымдар мен әр саланың мамандарын тартты.
- ▶ 2009 жылы «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы бойынша жаңа мектептер мен балабақшалар салынып, көптеген мектептерде жөндеу жұмыстары жүргізілді.
- ▶ 2008 жылы Нұр-сұлтан қаласында алғашқы Назарбаев зияткерлік мектебі ашылды .

Елімізде 1990 жылдан бастап жекеменшік жоғары оқу орындары ашыла бастады.

- ▶ 1999 жылдан бастап студенттерге арнайы гранттар мен несиелер бөлінді
- ▶ Мемлекет басшысының бастамасымен 2009 жылы «Назарбаев Университеті» ашылды.
- ▶ Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен 1993 жылдың 11 қарашасында «Болашақ» халықаралық степендиясы белгіленді.

Алғаш рет 1994 жылы 187 қазақстандық студент әлемнің 14 елінің жоғары оқу орындарына жол тартты.

1992 жылы Ғылым мен жаңа технологиялар министірлігі құрылып, елімізде ғылымның дамуының жаңа кезеңі басталды

- ▶ Қазақстан ғалымдары еліміздің өткен кезеңін, тарихын зерттеуге қомақты үлес қосты. Көне заманнан бүгінге дейін 5 томдық Қазақстан тарихы, т.б. ауқымды туындылары жарыққа шықты.
- ▶ 2001 жылы 12 шілдеде Ғылым туралы Заң қабылданып, 2003 жылы қазанда жаңа заман талабына сай Ғылым академиясы қайта құрылды
- ▶ 2008 жылы ғылыми жұмыстардың сапасын арттыру мақсатында «Плагиат-Информ» жобалық бағдарламасы бекітілді.

# Мектепке дейінгі ұйымдар желісі мен балалар контингенті

- 
- ▶ Республика бойынша барлығы 10 314 мектепке дейінгі ұйым, оның ішінде – 3749 бірл. жеке мектепке дейінгі ұйым қызмет етеді.
- ▶ Мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған барлық бала саны 880,8 мың,
- ▶ оның ішінде жеке мектепке дейінгі ұйымда – 307,3 мың бала.



Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі

білім, ғылым, балалардың  
құқықтарын қорғау және жастар  
саясаты салаларында  
басшылықты жүзеге асыратын  
мемлекеттік орган.

## «100 нақты қадам» Ұлт жоспарына сәйкес 2016-2017 оқу жылынан бастап елімізде жаңартылған білім мазмұнына көшу жұмыстары қолға алынды.

- ▶ Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – оқушыларды сындарлы оқытуға үйрету, әлемдік білім кеңістігіне қол жеткізу, инновациялық білім негіздерін терең меңгерту.
- ▶ 12 жылдық білімнің сызбасы 0 сынып + 11 сынып қағидасына сәйкес құрылды. Жаңартылған білім беру бағдарламасы кестеге сәйкес кезең-кезеңмен енгізілді:
  - ▶ 2016 жылы - 1 сыныптар;
  - ▶ 2017 жылы - 1,2, 5,7 сыныптар;
  - ▶ 2018 жылы - 1,2,3,6,7,8,10 сыныптар;
  - ▶ 2019 жылы - барлық 1-11 сыныптар.

# Қазақстандағы Болон процесі

- ▶ 2010 жылғы наурыз айында Қазақстан ресми түрде Болон декларациясына қосылып, Жоғары білім берудің еуропалық аймағының 47- мүшесі және еуропалық білім беру кеңістігінің толық құқылы мүшесі ретінде танылды
- ▶ Болон процесіне қосылған соң Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер болды.
- ▶ 1. Қазақстандық жоғары оқу орындарының қазіргі таңда әлемнің 650 университеті қол қойған **Университеттердің Ұлы Хартиясына** қосылуы орын алды. Бұл отандық білім беруді еуропа стандарттарына жақындатуға мүмкіндік береді. Ұлы Хартияға 60-тан аса қазақстандық университеттер қол қойды.
- ▶ 2. Болон декларациясының принциптеріне негізделген, мамандарды дайындаудың үштік моделі жүзеге асырылды: **бакалавр – магистр – PhD доктор.**

Жоғары оқу орындарының оқу процесіне озық технологиялармен оқыту жүйелері енгізілді: барлық жоғары оқу орындарына **оқытудың кредиттік технологиясы** енгізілді, 38-інде қос дипломды білім беру, 42-інде қашықтықтан оқыту жүзеге асырылады.

- ▶ Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы Ұлттық баяндаманың мәліметтері бойынша магистранттарды дайындау еліміздің 118 университетінде жүргізіледі, онда 32 527 адам білім алады, оның ішінде 16 220-ы мемлекеттік тапсырыс бойынша оқиды. Бітіру кезінде магистранттардың 92%- ы қорғап шығады.
- ▶ Жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестікте 16 жоғары оқу орнында PhD докторларын дайындау жүргізіледі. 2014 жылғы докторанттар саны 2063 адамды құрады.

# "Педагог мәртебесі туралы"

- ▶ 2019 жылы 31 желтоқсанда "Педагог мәртебесі туралы" заң қабылданды.
- ▶ Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов
- ▶ 2020 жылы "Педагог мәртебесі туралы" заңды іске асыру кезеңіне көшу басталғанын мәлімдеді.
- ▶ Жалпы заң 21 баптан тұрады және жарты миллионнан аса ұстаздың жұмысына қатысты.
- ▶ Педагог мәртебесін айқындайтын *Заң негізі төрт бағытты қамтиды:*
- ▶ Бірінші, ұстаздардың құқықтарын кеңейту және өзіне тән емес жұмыстан босату, жүктемесін азайту;
- ▶ Екінші, мұғалімнің қызметіне қойылатын талаптарды күшейту;
- ▶ Үшінші, материалды емес стимул тетіктері;
- ▶ Төртінші, материалдық ыңталандыру.

# Қашықтықтан оқыту жүйесі

- ▶ Әлемде бүгінгі күні 1 млрд 200 млн адам дистанциялық оқу жүйесіне көшті
- ▶ **Елімізде:**
- ▶ 2020 жылдың 16 марттан бастап Жоғарғы оқу орындары студенттері қашықтықтан оқуға көшті.
- ▶ 2020 жылдың 6 апрелінен бастап 7000 орта мектеп оқушылары қашықтықтан оқуға көшті.